

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2019 жылғы 30 қазанда  
жарияланды

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
А.Ұ. Маминге

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Өзіңіз білесіз, шағын және орта кәсіпкерлік ел экономикасының негізгі қозғаушы күші болып табылады.

Оны Тұңғыш Президент - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 18 қазанда Мәжілісте өткен жиында арнайы атап өтіп, бизнеске қолдау көрсету бойынша одан әрі жұмыс істеу қажеттігін ескертті.

Біздің мемлекетіміз кәсіпкерлерді қорғауға үнемі көңіл бөліп, арнайы бағдарламалар қабылдап, түрлі шараларды іске асырып жатыр. Соның бірі – шағын және орта бизнесті қолдауға бөлініп жатқан гранттар. **Мысалы, облыстарда шағын кәсіп ашу үшін – 3 млн. теңге, жастарға 1 млн. теңге көлемінде гранттар көзделген.** Дегенмен, өз ғимаратың болмаса, бизнес жүргізу қиын болатыны белгілі. Гранттың қаражаты қаланы айтпағанда, ауылдық жерде ғимарат салып, бизнес жүргізуге жете ме?

Қазір құрылыс объектісін салу үшін небәрі екі құжат қажет екен. Алайда, кез келген құрылыс салушы осы құжатты алу үшін құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту кезінде түрлі қиындықтарға тап болады. Мәселен, ауылда жалпы құрылыс алаңы 120 – 200 шаршы метр болатын бір қабатты дүкен ғимаратын салу үшін оның құжаттарын ресімдеуге қыруар қаржы жұмсалады. Кейде ол жалпы сметалық құнның жартысынан асып кетеді екен. Кәсіпкерлердің айтуынша, жерге орналастыру жобасын, мемлекеттік актіні немесе кадастрлық жоспарды, эскиздік жобаны, құрылыс объектісі орналасатын жердің топографиялық түсірілімін жасату, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, жұмыс жобасын әзірлету, қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалату, жобаны мемлекеттік сараптамадан өткізу, жобаның авторымен, сондай-ақ мердігермен келісімшарт жасау үшін бір немесе бір жарым миллион теңге шығаруға тура келетін көрінеді.

Сол ғимаратты реконструкциялау, кеңейту үшін де осындай құжаттарды

рәсімдеу талап етіледі.

Ауылдық жерде қарапайым, көлемі шағын құрылыстар салуға сонша көп құжат талап ету, сөйтіп шағын және орта кәсіпкерлікті орынсыз шығынға ұшырату не үшін қажет?

Бұрын бұл мәселені шешуге мұншалықты көп құжат талап етілмейтін. Қазір осынша көп құжатты әзірлеу және оны талап ету шағын және орта бизнестің шығынын көбейтіп, дамуына кедергі болып отыр.

Осы мәселені шешу үшін мемлекетімізде жүргізіліп отырған рұқсат беру құжаттарын оңайлату саясатын ескере отырып, мынадай шаралар қабылдау қажет деп ойлаймыз.

Біріншіден, ауылдық елді мекендерде, оның ішінде шаруа, фермер қожалығы жерлерінде салынатын шағын объектілер (дүкен, монша, база, шаруашылық үйі, т.б.) санаттарын анықтап, олардың құрылысына рұқсат беру құжаттарын оңайлату үшін нормативтік құқықтық актілерді жан-жақты қарап, талқылап, оларға өзгеріс енгізу мәселелерін қарау керек.

Екіншіден, облыстық деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын органдардың функцияларын аудан деңгейіндегі атқарушы органдарға беру мүмкіндігін қарау керек.

Бұл кәсіпкерлерді алыс қашықтыққа жол жүріп, шығын шығарып, уақыт жоғалтудан құтқарады.

Үшіншіден, жер учаскелерін беру кезінде құрылыс салуға бастапқы рұқсат беру құжаттарын (сәулет-жоспарлау тапсырмасын, техникалық шарттарын) көздеу қажет. Бұл кәсіпкерлерді әрі қарай құжат жинаудан босатып, олардың уақытын да, қаржысын да үнемдейді.

Төртіншіден, салынып жатқан объектілердің сапасын жақсарту, қағазбастылық пен бюрократиядан арылу үшін объектілер құрылысын цифрландыру қажет.

Сондықтан осы мәселелерді қарап, тиісті шешім қабылдауды сұраймыз.

Депутаттық сауалға заңда көрсетілген мерзімде жазбаша жауап күтеміз.

**Құрметпен,  
депутаттар, «Нұр Отан» партиясы  
фракциясының мүшелері**

**А. Смағұлов**

**Н. Әбдіров**

**А. Базарбаев**

**Г. Бижанова**

**Н. Дулатбеков**

**Б. Мамраев**

**Н. Сабильянов**

**31.10.2019-ғы № ДС-166 шығыс  
хаты**

**Результаты согласования**

- 31.10.2019 10:11:09: Дулатбеков Н. О. (Комитет по законодательству и судебно-правовой реформе) - - согласовано без замечаний
- 31.10.2019 10:14:14: Базарбаев А. Е. (Комитет по экономической реформе и региональному развитию) - - согласовано без замечаний
- 31.10.2019 10:36:36: Сабильянов Н. С. (Комитет по экономической реформе и региональному развитию) - - согласовано без замечаний
- 31.10.2019 12:10:38: Абдиров Н. М. (Комитет по законодательству и судебно-правовой реформе) - - согласовано без замечаний
- 31.10.2019 12:10:46: Бижанова Г. К. (Комитет по законодательству и судебно-правовой реформе) - - согласовано без замечаний
- 31.10.2019 14:56:21: Мамраев Б. Б. (Комитет по социально-культурному развитию) - - согласовано без замечаний